

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыруға арналған арнайы бөлінген орындарды анықтау туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 28 сәуірдегі № 84 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 27 мамырда N 3770 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 29 сәуірдегі № 111 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 29.04.2024 № 111 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының мемлекеттік экономика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 "Ішкі сауда ережесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды анықтау, қосымшаға сай

2. Осы қаулының орындалуына жауапкершілік "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулының орындауын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е.Сағдиев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрлігі Агроөнеркәсіптік

кешендегі мемлекеттік

инспекция комитетінің

Шал ақын аудандық

Е.Байқонаков

аумақтық инспекциясы"
мемлекеттік мекемесінің
басшысы

2016 жылғы 28 сәуір

"Қазақстан Республикасы
Тұтынушылардың құқықтарын
қорғау агенттігінің
Солтүстік Қазақстан облысы
тұтынушылардың құқықтарын
қорғау департаментінің
Шал ақын ауданы
тұтынушылардың құқықтарын
қорғау басқармасы"
республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысының
міндет атқарушы
2016 жылғы 28 сәуір

М. Балонкина

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын
ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 28
сәуір № 84 қаулысына қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыруға арналған арнайы бөлінген орындар

№ р/н	Автодүкендерді және (немесе) шатырларды (павильондарды) орналастыру орындары
1.	Сергеевка қаласы, Победа көшесі 35, орталық алаңы
2.	Сергеевка қаласы, Мира көшесі, стадион
3.	Сергеевка қаласы, Мира көшесі, автотұрағы
4.	Сергеевка қаласы, Ленинградский, 2 тұйық көшесі, насос тұрағы
5.	Афанасьев ауылы, "Придорожка" және "Дуэт" дүкендерінің ауданы
6.	Қаратал ауылы, "Самрұк" дүкенінің ауданы
7.	Ысқақ Ыбыраев ауылы, бала бақшасының ауданы
8.	Көктерек ауылы, "Победа" ескерткішінің ауданы
9.	Ақан барақ ауылы, Прусс жеке кәсіпкер техникалық қызмет тұрағының ауданы
10.	Мерген ауылы, "Рахимов" дүкенінің ауданы
11.	Городецк ауылы, ауылдық округ әкімдігі аумағының ауданы
12.	Бағанаты ауылы, кітапхана аумағының ауданы
13.	Конаваловка ауылы, кітапханасының ауданы
14.	Жаңажол ауылы, Биканов А.К. дүкенінің ауданы
15.	Кеңес ауылы, Махметова Г.Е. дүкенінің ауданы

16.	Кривошеков ауылы, Мәдениет үйі аумағының ауданы
17.	Алқа ағаш ауылы, "Арайлым" дүкенінің ауданы
18.	Социал ауылы, "Рахiм" дүкенінің ауданы
19.	Ұзынжар ауылы, "Удача" дүкенінің ауданы
20.	Водопроводный ауылы, "Меркурий" дүкенінің ауданы
21.	Повозочное ауылы, Мира көшесі, орталық алаңының ауданы
22.	Бірлік ауылы, Длинная көшесі, клуб ауданы
23.	Минеевка ауылы, Школьная көшесі, дүкенінің ауданы
24.	Новопокровка ауылы, "Дарина" дүкенінің ауданы
25.	Ақсу ауылы, Наргужиндер дүкенінің ауданы
26.	Белоглинка ауылы, бұрынғы мектебінің ауданы
27.	Еңбек ауылы, ауылдық әкімдіктің ғимаратының ауданы
28.	Жаңасу ауылы, Ескендиrowтар дүкенінің ауданы
29.	Семиполка ауылы, ауылдық асханасының ауданы
30.	Ступинка ауылы, "Изюминка" дүкенінің ауданы
31.	Жалтыр ауылы, "Айнұр" дүкенінің ауданы
32.	Астаған ауылы, "Славутич" дүкенінің ауданы
33.	Сухорабовка ауылы, "ТНС 2020" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі асханасының ауданы
34.	Ольгинка ауылы, "ТНС 2020" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі асханасының ауданы
35.	Крещенка ауылы, "ТНС 2020" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі кеңсесінің ауданы
36.	Белоградовка ауылы, "Асель" дүкенінің ауданы
37.	Куприяновка ауылы, кітапханасының ауданы